

Л. У. ӘБЕНОВА

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

“Қазақәпсөсі бір кезде батырлар жыры түрінде көрінсе, кейін аралық сипаттағы лиро-эпосқа көшті; одан келе жанрлық табиғатын мүлде жаңартқан жана сападағы поэмаларға ауысты”, – деп, тұжырымдаған болатын академик-жазушы З.Қабдолов өзінін “Сөз өнері” еңбегінде [1].

Ғалым І. Дүйсенбаев қазақ халқының бай ауыз әдебиеті қорындағы ең мол саланың бірі – лиро-эпос десе, осы мұраны 3 топқа бөліп қарастыруды үсүнады: 1. Ел арасына көп тараған өйгілі шығармалар: “Қозы Көрпеш–Баян сұлу”, Қыз Жібек”, “Айман–Шолпан”; 2. Халықта ауызша жетсе де, жарық көре алмай келген шығармалар: “Құлше қызы”, “Құл мен қызы”, “Мақпал қызы”, “Есім – Зылиқа”; 3. Шығыс әдебиетінен ауысқан хикая-дастандар: “Сейфулмәлік”, “Бозжігіт”, “Тайир – Зухра”, “Жүсіп – Зылиханың қиссасы”, “Шәкір – Шәкірат”, “Мұндық–Зарлық” т.б. [2].

Осы тақырыпқа бұрын-сонды сан алуан үлкенді-кішілі мақалалар, жеке зерттеулер жазылып келгені мәлім.

Либо-эпос жөнінде Қазан төңкерісінен бұрын азды-көпті жұмыс істелінген. Орыстың белгілі ориенталистері (В.В.Радлов, И.Н.Перуин, Г.Н.Потанин және басқалар) қазақ ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін жинау, жариялау ісімен шұғылданды. Олар біз сөз етіп отырған лиро-эпос нұскаларына да ерекше көніл болғен. Мысал үшін “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын атап өтсек те жеткілікті.

Солай бола тұрса да, лиро-эпостың ғылыми түрғыдан тексеру кенес жылдарының ішінде қолға алынды. Осы жылдары жалпы ауыз әдебиетінің, оның ішінде, лиро-эпостың көптеген үлгідері жиналып қана қоймай, баспасөз бетінде жарық көре бастады. Либо-эпостың белгілі нұскалары бойынша ғылыми еңбектер, қолемді мақалалар, жеке монографиялар жазылды. Осыған орай, М.О.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.С.Сильченко, Н.С.Смирнова, М.Ғабдуллин, Ә.Қоныратбаев, А.Жұбанов, т.б. зерттеулерін атап откен болар едік.

Ұзак уақыт қазақ халқының жазба әдебиеті қалыптаса қойған жоқ. Сол себепті оның оқытын кітабы, тәрбие-тәлім, өнеге алатын бірден-бір

құралы – халықтың ауыз әдебиеті, соның ішінде лиро-эпос жырлары болып келді.

Либо-эпос жырларының қай мезгілде пайда болғанын дәл айту киын. Өйткені олар, кезінде қағаз бетіне түспеген жөне басқа да жөнді дерек сақталмаған, тек үрпақтан-үрпаққа ауызша айтумен жетіп отырған. Мүмкін, бұл нұскалардың көпшілігі көне заманда туып тарада бастады десек те, халық арасына жайылған аңызға қарағанда, сол жырлардың бірқатарын XVIII–XIX ғғ. Әмір сүрген атақты ақын жыраулардың ел аралап айттып жүргені, өндеп жөндегені мәлім.

Бірінші топқа жататын нұскалардың аздал болсын баспа бетін көргенін, олар жөнінде оқтатекте құнды пікірлер айтылғанын жоғарыда ескертіп өткен едік. Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин т.б. белгілі ғалымдар қазақ халқының ауыз әдебиетін, өсірсек, лиро-эпос үлгілерінің кейбіреулерін өте жоғары бағалаған болатын. Бұл ретте, ең алдымен, М.О.Әуезовтің ғылыми еңбектерін ерекше атаған жөп. Аса қөрнекті ғалым қазақ ауыз әдебиетінің көптеген түрлерін зерттеумен бірге лиро-эпостық – “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” мен “Қыз Жібек” секілді тамаша екі нұсқасына арнаулы еңбектер жазды.

Екінші топқа кіретін нұскалардың ішінде “Құлше қызы”, “Құл мен қызы”, “Мақпал қызы”, “Есім сері – Зылиқа” секілді қолемді, көркемдің бірсызырығы дастандар бар. Бұлардың түп негізі халық аңыздарына барын тірелсе де, кейбіреулерінің авторлары белгілі. Ел арасында есімдері мәлім ақындар сол халыққа жете таныс сюжетті қайтадан жырлап өндеген, толықтырған болуы керек.

“Құлше қыздагы” оқиғаның басталуы жөне бірнеше эпизодтары “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырына үксайды.

Ал енді үшінші топқа жататын үлгілерге көпсек, бұлар қазақ топырағына шығыс елдерінен келген мол сала. “Бозжігіт” поэмасының сюжеті шығыс халықтарының көбіне ортақ. Оның үш нұсқасы бар.

Осы лиро-эпос нұскаларының кейбір үлгілер кенес жылдарында қайта дамып, тын сапаға ауысты, жана заман талабына сай мазмұндарын байы-

түмен бірге тұрларін де кемелендендіре түсті. Мысалы, Шәкір Әбеновтің “Қозы Қорпеш – Баян сұлу” жырын жөне Нұрпейіс Байғаниннің “Ақ күлше”, “Нарқыз” поэмаларын атауға болады.

Осы байқағандарымыздан қызық та, өрі құнарлы құбылысты көре аламыз. Халық ауыз әдебиеті мен шығыс классиктері дәстүрі нәтижесінде казақ топырағында шын мәнінде поэма жанры орын тебе бастайды. Осыған орай, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттіндегі “Еңлік – Кебек”, “Қалқаман – Мамыр”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Гүлхашима”, “Сұлушаш” т.б. алуандас көркем туындыларды атаған жөн. Бара-бара бұл процесс кенес дәуіріндегі қазақ поэзиясының гүлденген шағына келіп тоғысады.

“Әдеби жанрдағы дәстүр деген – кең ұғым, күрделі құбылыс. Суреткер ұзак мерзім ішіндегі дәстүрге арқа сүйей отырып, жаңашылдыққа үмтүлады дегенді жиі-жиі айтамыз. Солай дей тұрсақ та, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың ара қатысын айқындаудың киын екендігін үнемі ескере бермейтініміз де бар. Өйткені дәстүр мен жаңашылдық бірімен-бірі табиғи тамырлас, тұтасқан диалектикалық бірлік құбылысы” [3]. Әдебиет қоғам өмірінің айқын сөулесі десек, сол қоғам өмірінің қай саласында болмасын, дәстүр мен жаңашылдық бірімен-бірі тығыз байланысты. Сондықтан да әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдықты бірінен-бірін бөле-жара қарауға болмайды. Әдебиеттегі жаңа құбылыс дейтініміз сол көп жылғы тәжірибелін, көркемдік дәстүрдің озығы болуға тиіс.

Осы құбылыс біз сөз еткелі отырған қазақ әдебиеттіндегі поэмалың қалыптасу, даму процесінде әлгіндей заңды ерекшеліктерімен көзге түсіп келеді. Өйткені поэма жанрын жетілдіруде де ақындар туған халқының ғасырлар бойы жиналған, қорланған бай көркемдік дәстүріне сүйенді. Әңгіме тек дәстүрге сүйенүде ғана дәп ойлауға болмайды. Әңгіме сол ғасырлар бойғы бай көркемдік тәжірибелі қалай игеріп, қалай корытуда болса керек. Бұл жерде жалғыз ниет, талап, тілек жеткіліксіз. Бұған қоса шығармашылық ізденіс, ақындық зор дарын, шеберлік ауадай қажет. Сонда ғана өзіне дейінгі көркемдік тәжірибелі игеріп, сом, жана шынайы шығарма тудыруға болатынын әдебиет тарихы растап келеді.

Қазақ кенес поэмаларының кемелденуінен, есіп-өркендеуінен анық байқалатын бір жай, оның тандаулы үлгілерінің бәрі де өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің ең жақсы, тандаулы, жарқын

сипаттарын емін-еркін бойына сініре білді. Мәселен, қазақ кенес поэмаларының алғашқы қалыптасу кезеңін еске түсіріп көрейік. Ақындар қазақ кенес поэмаларының алғашқы тандаулы үлгілерін оған дейінгі көркемдік дәстүрдің озық үлгілеріне сүйеніп жасағаны анық байқалады. XIX ғ. соны мен XX ғ. басындағы әдебиеттегі Абай Құнанбаев, Ақылбай Абайұлы мен Магауия Абайұлы, Әсет Найманбаев, Мұхамеджан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров поэмаларынан көркемдік дәстүрді үнемі ескеріп отырғанын көруге болады. Оның үстіне қазақ халқының ежелден келе жатқан бай ауыз әдебиетінің эпикалық дәстүрінен жөне орыстың классикалық әдебиеті мен шығыс поэзиясының жақсы үлгілерінен де ақындардың нәр алып үйреніп отырғаны тарихи шындық.

Шығармага биік, прогрессивті идеяны өзек ету – бүкіл дүниелік әдебиеттегі қалыптасқан озық көркемдік дәстүр. Міне, осы бір ежелгі дәстүрге сүйенген, соны жалғастырып байыта, терендете түскен қаламгерлер қазақ кенес поэмаларының ең жақсы үлгілерін қалыптастырып берді. С. Сейфуллиннің “Советстан”, “Альбатрос”, “Көкшетау”, И. Жансүгіровтің “Дала”, “Құй”, “Құйші”, “Құлагер”, С. Мұқановтың “Сұлушаш”, Ә. Тәжібаевтың “Абыл”, Т. Жароковтың “Құн тіл қатты”, “Тасқын”, И. Байзаковтың “Құралай сұлу”, “Алтай аясында”, “Ақбөпе”, К. Бекхожиннің “Ақсақ құлан” т.с. сияқты поэмалары қазақтың эпикалық поэзиясында бұрыннан бар көркемдік дәстүрді жалғастырудын, терендептіп байытудың жемісті нәтижесі еді.

С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, И. Байзаков, Ж. Сайн, К. Бекхожин қалыптастырған көркемдік дәстүр сол қалыптен тоқтап қалмай, әдебиеттің кейінгі дәстүрлерінде жалғаса, байи, кемелдене, толықси түсті. Отан соғысы кезінде туындаған Қ. Аманжоловтың “Ақын өлімі туралы аныз” поэмасы, женістен кейінгі бейбіт жылдарғы әдебиеттің иғі жемісі – К. Бекхожиннің “Мәриям Жагорқызы”, Х. Ергалиевтің “Құрманғазы” сияқты поэмалары эпикалық поэзияның қадау-қадау табыстары. Сымбатты тұрге бөлленген терең мазмұнды поэмаларының жақсы үлгілерін жасау дәстүрі күні бүгінге дейін жалғасумен келеді, алдағы кездे де жалғаса береді.

Поэма туралы тоқтала кетсек, ақындардың поэмаға нысана, қазық етіп үстайтын екі басты тақырыбы бар. Бірі – қазіргі замандастар өмірін

алуан сырларын эпикалық поэзияда жыр ету де, екіншісі – төңкеріске дейінгі халықтың тарихи өмірін бейнелеу. Екіншісін қөбінесе тарихи тақырып деп те атайды. Қалай атаған күнде де, оның күні бүтінгі әдебиеттегі маңызы, өзектілігі орасан зор екені баршага аян. Сол тарихи тақырыпты жырлауда қазактың эпикалық поэзиясында қалыптасқан жақсы да өнегелі дәстүр бар екеніне жогарыда мысал да келтірдік.

Тарихи тақырыпты эпикалық поэзияға арқау етудің көркемдік дәстүрі қазіргі поэзияда да жалғаса түсіде. Сонын ішінде, өсіресе тарихта болған өнер кайраткерлері, дарын иелері жайлы поэмалар жазу қазіргі эпикалық поэзияда аз емес. Бұл ретте ақындардың берік арқа сүйейтіні асқар таудай поэзия алыбы – Илияс Жансүгіровтің ақындық дәстүрі екенін де көреміз. Илияс Жансүгіров өнерді, өнер адамын бейнелеудің поэмадағы жарқын дәстүрін қалыптастырды. Илияс Жансүгіровтің әдеби дәстүрінің толастамай, әлі де жалғаса түсіүі занды құбылыс. Бұған мысал ретінде қазіргі поэзияда өнер мен өнер адамының өмірін бейнелеуге ариалған бірнеше поэмаларды атауға болады. Олар: Ә.Тәжібаевтің “Ақын”, “Майра”, К.Бекхожиннің “Әппак-намә”, Ж.Молдагалиевтың “Кісен ашқан”, М.Әлімбаевтың “Естай-Хорлан”, Т.Бердияровтың “Біржан сал”, С.Иманасовтың “Айтыс”, С.Сейітхазиннің “Балуан Шолак”, Ә.Күмісбаевтың “Махамбет” сияқты поэмалары.

Көркемдік түрдегі дәстүрді сөз еткенде, ен алдымен айтылуға тиісті мәселе – поэманың басты-басты компоненттерін суреткердің қалай пайдалануы. Бұл ретте өркімнің ойына оралатын негізгі мәселе – поэманың композициясы. Ал композиция туралы сөз қозғағанда, ауызға ен алдымен сюжет алынуы керек.

Өнер тақырыбындағы қазіргі поэмалардың, дені сюжетті поэмалар. Ал сюжеттің негізі – шығармадағы адамдар арасындағы қарама-қарсылық, максат-мұдденің түйісуі, талас-тартыс, құрес екені белгілі.

Осы сюжеттілік қазак кенес поэзиясында да берік сақталып келе жатқанын көреміз. С.Мұқановтың “Сұлушаш”, С.Сейфуллиннің “Көкшетау”, Л.Жансүгіровтың “Күйші”, “Құлагер”, Ә.Тәжібаевтың “Абыл”, Ж.Саинның “Құләнда”, К.Бекхожиннің “Мәриям Жагорқызы”, “Аксак құлан”, “Тұрлаулы тағдыр”, Т.Жароковтың “Тасқын” сияқты т.б. поэмалар нағыз шын мәніндегі сюжетті, эпикалық поэмалар. Бұлар ежелгі фольклордағы эпикалық жанрдың және жазба

әдебиеттегі эпикалық түрдің басты сипаты – сюжетті берік негіз еткен туындылар. Соңдықтан да қазак кенес әдебиетіндегі поэмандың басты саласы сюжетті, эпикалық поэмалар бұл жанрдың бойынан басты орын алып келе жатқаны анық.

Қазан төңкерісіне дейінгі өмірді бейнелеген қазак поэмаларында халықтың ежелгі ұлттық ерекшелігі айқын бейнеленгені баршаға аян. “Күйші”, “Құлагер”, “Көкшетау”, “Сұлушаш”, “Аксак құлан”, “Абыл”, “Құләнда”, “Алтай аясында”, “Ақбөпे” т.б. поэмаларда қазак елінің этнографиялық салт ерекшелігін суреттеудің белгілі бір жүйелі дәстүрі орнықкан еді. Сол дәстүрді жалғастыра түсідің көрінісі, бірінде көп, бірінде аз дегендегі “Ақын”, “Майра”, “Естай – Хорлан” т.б. сияқты қазіргі қазак поэмаларында да бар.

Қазак кенес поэмаларының қалыптасып, тоғызып, өсу жолына көз жіберсек, ондағы поэмалардың дені эпикалық, сюжетті болып келетінін аңғару киын емес. Бұл қазак поэзиясындағы поэмалардың басты бір ерекшелігі де сияқты.

Ал поэма жанрындағы, сонын ішінде, эпикалық поэмадағы сюжет үлкен проблема.

Сюжетті әдебиеттің тіл мен тақырыптан кейінгі үшінші элементі деп М. Горький текке атамаған болу керек. Сюжет – әдебиеттің өзге жанрларымен катар, поэмандың да басты көркемдік ерекшеліктерінің бірі.

Поэмандың басты идеялық түйінін айқындауда сюжеттің атқаратын көркемдік ролі үлкен.

Эпикалық поэмадағы сюжет пен адам образы бірімен-бірі ажырамас бірлікте болуға тиіс. Сюжет арқылы образ ашыла түссе, образдардың (адамдардың) қарым-қатынасы арқылы сюжеттің элементтері құрылып, айқындалып жатады. Сол екі көркемдік компонент арқылы эпикалық поэмандың идеялық түйіні ашылуға тиіс [4].

Поэма сюжеттің негізі – тартыс. Әрине, бұндағы тартыс роман, пьесалардағы дай күрделі емес. Кейде поэмада да шиеленіскен тартыс ұшырауы мүмкін.

Ақын поэма сюжетіне кез келген оқиғаны талғаусыз ала бермейді. Қыруар оқиғалардың ішінен заманның келбетін, түр-мазмұнын айқын танытатын оқиғаларды іріктең алады да, солар арқылы шығарманың негізгі идеялық пікірін айқындаپ, басты кейіпкердің образын мүсіндейді. Бұған мысал ретінде К.Бекхожиннің “Мәриям Жагорқызы”, “Аксак құлан”, “Әппак-намә”, “Тұрлаулы тағдыр”, Ә.Тәжібаевтың “Ашықтар”,

“Ақын”, “Майра”, М.Әлімбаевтың “Естай—Хорлан”, Т. Жароковтың “Құмдағы дауыл”, Қ. Аманжоловтың “Ақын өлімі туралы аңыз”, Ж. Молдагалиевтың “Жыр туралы жыр” атты т.б. поэмаларын атауга болады.

Поэма сюжетіндегі тартыстың кейде нақтылықтан көрі жалпылай қорытындылауға бейім тұратыны да бар. Яғни, екінші сөзben айтқанда, оларда жеке адамдардың тартысы емес, бүкіл бір дүние мен екінші дүниенің тартысы бейнеленеді. Ал екінші бір поэмадағы тартыс нақтылы адамдардың қарым-қатынасына негізделеді де, сол нақтылы тартыс — нақтылы қарым-қатынастар, нақтылы ситуация арқылы жинақтау, топшылау пікір тұжырымдалады.

Соғыстан кейінгі поэмалардың сюжеттік желісіне, адам образына көз жіберсек, олардың төңкеріске дейінгі осы текстес поэмалардан айырмашылықтары да байқалады. Ең алдымен, бұл поэмалардың бас кейіпкері жалаң сезімнің ғана адамы емес, қарапайым енбек адамдары. Бұл жай 20-30 жж. поэмаларда бой көрсете бастағаны мәлім-ді (“Сұлушаштағы” Алтай, Қайсар, т.б.).

Тұтастай алып қарағанда, төңкеріске дейінгі өмірді, азамат соғысы, Отан соғысы оқигаларын суреттейтін поэмаларда образдар галереясын жасауда қол жеткен табыстар аз емес. Эрине, ол поэмалардың бәрі бірдей шетінен мінсіз деген пікір тумаса керек.

Поэмалардың осу, қалыптасу жолына зер салсақ, сюжетті, эпикалық поэмалармен қатар нақтылы сюжеті жоқ, лирикалық, публицистикалық поэмалар да қазақ кеңес поэзиясының тарихынан кең орын алып келеді.

Қазіргі қазақ поэмаларының табиғаты, жанрлық ерекшеліктері туралы, оның арғы төркіні қазақ поэзиясының толғау жырынан басталатыны жайлы ғалымдар Е. Ысмайлұв, М. Базарбаев, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Нарымбетовтың ғылыми-зерттеу енбектерінде байыпты да дәлелді топшылаулар жасалғанын атап өткен жөн.

Лирика-публицистикалық поэмалардың алғашқы нұсқалары XX ғ. басындағы қазақ әдебиетінде бой көрсете бастады. Қазактың төңкеріс алдындағы әдебиетінің ірі өкілі, демократ ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Адасқан өмір”, “Кедей” поэмалары қазақ әдебиетіндегі лирика-публицистикалық поэмалардың тұнғыш қоріністері еді. С. Торайғыров негізін салған поэмаларын, бұл түрі кеңес өкіметі жылдары қазақ әдебиетінде өркен жайып, жетіле, дами түсті. С. Сейфуллиннің “Советстан”, “Альбатрос”, С. Мұқанов-

тың “Жүйткі, қара айғырым”, И. Жансүгіровтың “Дала”, Б. Майлииннің “Мырқымбай” т.б. поэмалары лирика-публицистикалық поэмалардың айқын үлгілері ретінде қазақ кеңес әдебиетінен елеулі орын алды.

Сюжетті, эпикалық, лирика-публицистикалық поэмалармен қатар, қазақ поэзиясында — очерк типтес, драмалық жәнецикл поэмалар да орын алып жүр.

Осындағы очерк сипаттас поэмалар деп С. Мұқановтың “Алдабергенов туралы аңыз”, К. Тогызаковтың “Күләш”, Д. Әбілевтің “Шолпан”, Қ. Мұсіреповтың “Жалын”, Ә. Ахметовтың “Жер мен космос”, “Өшпеген жалын”, “Өрен өмір”, М. Әлімбаевтың “Құрыш — қазақ” т.б. шығармаларын атауга болады.

Қазақ поэзиясында бой көрсете бастаған поэмалардың бір түрі — драмалық поэмалар дедік. Бұл да очерк-поэмалар сияқты әдеби жанрлардың өзара араласуынан шықкан поэмалардың жанрлық түрі. Қазақ поэзиясында драмалық поэмалар онша көп емес. Оған мысал өтінде Ә. Тәжібаевтың “Күзетші”, “Күйеулер”, “Монологтар”, “Қызың мен солдат”, “Жартас”, Д. Әбілевтің “Тас бұлақ колхозында” К. Сатыбалдиннің “Шешілмеген жұмбақ”, Б. Тәжібаевтың “Ана жүргегі”, Е. Ибраһимнің “Қызыл генералдар”, М. Шахановтың “Құретамырды іздеу”, “Сенім патшалығы” поэмаларын атауга болады. Бұл поэмаларда драмалық шығармалардың айқын белгі-нышандары қорініп-ақтүр. Драмалық тартыс, кейіпкерлердің мінез-құлқы, тағдыры, оның монолог, диалогы арқылы ашылуы, т.б. тек драмалық туындының жанрлық сипаттары.

Қазіргі танда қазақ поэзиясында цикл поэмалар жазу үрдісі де көзге шалынып жүр. Цикл өлендер, цикл поэмалар деген түрлер үлттық поэзиядағы жаңа құбылыс. Бұл орыс кеңес поэзиясының тікелей ықпалымен қазақ поэзиясына енген түр жаңалығы. Цикл өлендер дегенді әдебиетшілер шоғыр жыр, топтама өлен деп те атап жүр.

Циклді поэмалардың жалпы бітімі циклді өлендермен үқсас. Циклді өлендердің қазақ поэзиясында орнығуы сияқты, циклді поэмалардың да уақыт озған сайын үлттық поэзияда өрістей беретіні анық.

Циклді поэмалар деген не? Бір мәселенің төнірегінде шағын-шағын бірнеше поэма жазып, шығармадағы негізгі ой-пікірді терендете түс болмақ. Яғни, шығармадағы бір тақырыпты әр жағынан қамтып, кеңейте толғау. Циклді поэ-

маларды бөлшектесе, циклді өлеңдердей, әркайсысы өз алдына дербес шығарма болып шыға келеді. Сол шоғыр поэмаларды, шоғыр өлеңдердей, тұтастырып түрған алтын қазық – ортақ тақырып, негізгі идея. Ал әрбір поэма тұтас, бүтін бір туындының бөлшектері, тармактары сияқты.

Қазақ поэзиясында поэмандың бұл түрі жаңа жаңа көктеп, бой көрсете бастады. Циклді поэмалардың мысалы ретінде ақындар Ә. Тәжібаевтың “Маяковскиймен әңгіме”, “Нартай”, Ж. Нәжімedenovтың “Келін”, “Қанды сұт”, “Көzsіз батыр”, “Соңғы махаббат”, “Мандай” атты поэмалары аталып жүр.

Қорыта келгенде, казіргі қазақ әдебиетіндегі орын тепкен поэмандың түрлері мыналар: сюжетті-эпикалық поэма, лирика-публицистикалық

поэма, очерк-поэма, драмалық поэма, циклді поэмалар. Бұлардың ішінен мол дамып, кен өріс алғаны сюжетті-эпикалық, лирика-публицистикалық поэмалар. Ал онша өрістеп, кен орын альш кетпесе де очерк-поэма, драмалық-поэма, циклді поэмалар қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының жаңара, байи түскенін көрсетеді.

ӘДЕБІЕТ

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2002.
2. Дүйсенбаев І.Л. Эпос және ақындар мұрасы (Зерттеулер). Алматы, 1987.
3. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. Алматы, 1984.
4. Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэмасы. Зерттеу. Алматы, 1982.